

Түркістан облысы білім басқармасының «№13 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтама жобасын жария талқылау »

Х А Т Т А М А С Ы

Абай ауылы

04.08.2025 жыл.

Өткізілген орны: №13 колледж

Жиналысқа қатысқандар №13 колледж қызметкерлері мен №13 колледж қамқоршылық кеңес төрайымы У.Рустемова

Жиналыс төрағасы Е.Рысбаев

Хатшы Ж.Абубакирова

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша анықтама жобасын талдау.
2. Қатысушылардың ұсыныстары мен ескертулерін тыңдау.
3. Түрлі мәселелер

Анықтама жобасын жария талқылауға төрағалық етуші директор Е.Рысбаев Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2025 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8 бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаланыр бекіту туралы» Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19-қазандағы №12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16-қаңтардағы №21 бұйрығына, МКҚК «№13 колледж» «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2025 жылғы 25 маусымдағы №32 н/қ бұйрық негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілгендігін мәлімдеді.

Қамтылған бағыттар бойынша анықталған кемшіліктер жоқ және ұсыныстармен таныстырылды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерін алдын ала жария талқылау өткізетіндігі колледждің ресми парақшасына жарияланғандығы атап өтілді.

Мәжіліске қатысушы қамқоршылық кеңес төрайымы У.Рустемова анықтама жобасымен танысып шығып, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында ашық әрі жария жұмыс жүргізу қажеттілігін атап өтті.

Қорытынды: Ішкі талдау жүргізу қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері айқындалған жоқ.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



Е.Ж.Рысбаев

Ж.А.Абубакирова